

БЕКІТЕМІН
ШҚО дене шынықтыру және
спорт басқармасының басшысы



Можанов А.Б.

БЕКІТЕМІН
ШҚО білім
басқармасы басшысы



Жумадилова С.А.

БЕКІТЕМІН
Алтай-Атлет «Спорттық
Кәсіби клубының директоры»



Сейсембеков А.Р.

ЖЕҢІЛ АТЛЕТИКАДАН ALTAU KIDS CUP ЖАРЫСЫНЫҢ
1 КЕЗЕҢІН ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ

**ЖЕҢІЛ АТЛЕТИКАДАН ALTAУ KIDS CUP ЖАРЫСЫНЫҢ
1 КЕЗЕҢІН ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ**

1. МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

- 1) Облыста жеңіл атлетиканы насихаттау.
- 2) Оқушылардың шынығу деңгейіне баға беру және дарынды балаларды анықтау үшін белгіленген жас топтарындағы ШҚО оқушыларын барынша көп мөлшерде жарысқа тарту.
- 3) Өткізілген жарыс нәтижесі бойынша жоғары көрсеткіштер көрсеткен дарынды балаларды ШҚО барлық аудан орталықтарында өтетін **ALTAУ KIDS CUP** жарысының екінші кезеңіне қатыстыру, жеңіл атлетикадан кәсіби сабақ алу үшін спорт мектептеріне қабылдау.

2. ӨТКІЗІЛЕТІН ОРНЫ ЖӘНЕ МЕРЗІМІ

Жарыс 2018 жылғы 17 қыркүйектен бастап 22 қыркүйек аралығында Шығыс Қазақстан облысының барлық жалпы білім беру мекемелерінде өткізіледі. Оқыту процесі шегінде денешынықтыру сабақтарында өтеді.

3. 1 КЕЗЕҢДІ ӨТКІЗУДІ БАСҚАРУ

Жарысты өткізуге дайындық жұмыстарын жалпы басқару жалпы білім беру мекемелерінің басшыларына, жарысты өткізу денешынықтыру мұғалімдеріне жүктеледі.

4. ҚАТЫСУШЫЛАР

Жарысқа жеке қатысушылар қатысады. Жалпы білім беру мекемелерінде оқитын белгіленген жас топтарына жататын, дене шынықтырумен айналысуға шектеу қойылмаған оқушылар қатысады. Оқушылар барлық бағдарлама түрлерін орындауы тиіс, соның нәтижесінде **ALTAУ KIDS CUP** екінші және үшінші кезеңдеріне қатысатын мықты оқушылар тандап алынады.

5. ЖАРЫС БАҒДАРЛАМАСЫ ЖӘНЕ ЖАС ТОПТАРЫ

Жарыс бағдарламасы:

- 1) Доп лақтыру 150 гр.
- 2) Жүгіру 60 м.
- 3) Кең серпіліс планкасынан ұзындыққа секіру (60 см)

Жас топтары:

- 1) 2007-2008 ж.т. ұлдар мен қыздар
- 2) 2005-2006 ж.т. ұлдар мен қыздар
- 3) 2003-2004 ж.т. ұлдар мен қыздар

6. ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

Марапаттау баспа өнімдерін дайындауды қаржыландыру жалпы білім беру мекемелеріне жүктеледі.

7. ALTAУ KIDS CUP 1 КЕЗЕҢІНІҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫН МАРАПАТТАУ

Әрбір бағдарлама түрі бойынша, әрбір жас тобындағы жеңімпаздар мен жүлдегерлер (1 - 3 орын) тиісті дәрежелі мақтау грамоталарымен марапатталады.